РУХАНИЯТТЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Биыл Петропавл қаласындағы руханият ошағы, білім мен мәдениеттің алтын діңгегіне айналған И.Шухов атындағы орталық қалалық кітапханаға 50 жыл толды. Жарты ғасыр – бұл жай ғана уақыт өлшемі емес. Екінші үйімізге айналған кітапхананың өміріміздегі алатын орны ерекше.



Руханият ордасының іргетасы 1976 жылы №10 кітапхананың негізінде қаланды. Ол он алты бөлімнен тұратын қалалық кітапхана жүйесінің орталығы ретінде құрылды. Келесі жылы Пролетарская көшесі, 65 (қазіргі Брусиловский көшесі, 65) мекенжайындағы еңселі жаңа ғимаратқа көшті. Сол жылы кітапханаға өлке тарихы мен табиғатын шығармаларына арқау еткен жазушы-жерлесіміз, журналист әрі аудармашы Иван Шуховтың есімі берілді. «Елу жылда ел жаңа» дегендей жарты ғасыр уақытта кітапхана құрылымы өзгеріп, заман талабына сай жаңарды.

И.Шухов атындағы орталық қалалық кітапхананың алғашқы басшысы, өз ісінің майталман маманы – Нина Попова. 1990 жылдардың ортасында оңтайландыру үрдісі басталып, соның барысында барлық кітапхана бөлімшелері жабылды. 1997 жылға қарай тек орталық қалалық кітапхана ғана жұмысын жалғастырды. Кейінгі жылдары руханият ордасына басқа да басшылар жетекшілік етті. Бүгінде қалалық кітапхананың директоры қызметін Гүлназия Бикенева абыроймен атқаруда.

Қазір қалалық кітапхана жүйесінде бірнеше филиал жұмыс істейді. Сондай-ақ зағип және нашар көретін жандарға арналған арнайы кітапхана да бар. Қорда 133626 кітап, брошюра және мерзімді басылым жинақталған. Соның 28121-і – мемлекеттік тілде. Жыл сайын 11000-нан астам тұрақты оқырманға қызмет көрсетеміз. Цифрлық технологиялар дамыған заманда да қағазға басылған кітап өз құндылығын жоғалтқан жоқ. Биылғы сауалнама нәтижелері көрсеткендей, оқырмандарымыз – әсіресе «Абай жолы» роман-эпопеясы мен Абайдың «Қара сөздерін», классикалық, тарихи, психологиялық және заманауи прозаларды сүйіп оқиды.

Кітапхана – ұлттың мәдени жадын сақтайтын орын. Қазіргі таңда қызмет аясы да кеңейіп келеді. Жыл сайын 300-ге жуық ауқымды іс-шара өткізіледі. 2019 жылы ашылған Коворкинг орталығы, «Шуховты оқимыз» онлайн-жобасы – соның айқын дәлелі.

Кітапхана талай буынға рухани азық сыйлап, білім мен мәдениеттің, әдебиет пен өнердің ордасына айналды. Ол тек кітап сақталатын орын емес, ұрпақты білімге, ізденіске, кітап оқуға баулитын қасиетті мекен.

Руханият ордасында түрлі жобалар, әртүрлі жастағы оқырмандарға арналған клубтар жұмыс істейді. Соның ішінде «SANA» әдеби-музыкалық клубы мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру, қазақ әдебиетін насихаттау мақсатында 5 жыл бойы үздіксіз қызмет етіп келеді. «Жастар және уақыт» клубының да жұмысы ауқымды. Жастардың дамуына, кітапқа деген сүйіспеншілігін арттыруға бағытталған. Балаларға арналған «Сиқырлы қазан» және «Шығармашылық сиқыры» арт-терапиялық клубы өнер, музыка терапиясы және ойын арқылы ерекше қажеттіліктері бар балалардың әлеуметтік-мәдени бейімделуіне, шығармашылығын дамытуға көмектеседі. «Кабачок» жасөспірімдер клубы зағип және нашар көретін жандарға арналған.

Кітапхананың 50 жылдық мерейтойы – ұжымның ғана емес, оқырмандардың да қуанышы. Сондықтан біз қала тұрғындары мен қонақтарына ерекше мерекелік сый әзірледік, әртүрлі фотозоналар ұйымдастырдық.

Тойдың басты оқиғасы — «Кітапхана түні» мерекелік іс-шарасы. Бұл кеш барысында өзгеше атмосфера орнады. Әртүрлі жастағы оқырмандар үшін арнайы тақырыптық фотоаймақтар жұмыс істеді. Әдеби кеште өнірімізге белгілі ақын-жазушылармен, өлкетанушылармен, ардагерлермен кездесулер өтті.

Алтынай СЫЗДЫҚОВА,
И.Шухов атындағы орталық қалалық кітапхананың қызметкері.